

«ХАЛЫҚ – МЕНІҢ ШЫН АТЫМ»

Жамбыл шын мәнінде халық ішінен қайнап шыққан нағыз халық ақыны еді. Өзі де айтады ғой: «Жамбыл деген – жай атым, халық – менің шын атым», - деп. Осы – дәл айтылған сөз. Бір сәт ақыл-санаға салып, ой жіберіп қарайықшы. Жамбыл бойынан, оның өлең-жырларынан өзінің туған қазақ халқына тән кеңпейілдік пен дархандықтың, адалдық пен адамгершіліктің, қарапайымдылық пен қайсарлықтың, ашық-жарқын ақ көңілділіктің, ынтымақ пен бірліктің, өлең-жырды ағыл-тегіл төге жырлайтын ақындықтың, алғырлық пен тапқырлықтың небір сиқыр күдіретін табамыз.

Жамбыл балалық бал дәурен кезеңінен бастап-ақ өлең-жырға, ән-күйге құмар боп өседі. Шыншыл, әділ сөйлеуге, әзіл-оспақ, тапқыр сөздерді қиыстырып айтуға әуестенеді... Ол жастайынан нағашысы Қанаданнан қобыз тартуды үйренеді. Жамбылдың жасы тоғыздан асқан кез. Көктем шығып, ауыл Іле бойына қонған. Бірде осы өңірге қобызшы аталған Қанадан нағашысы келеді. Қанадан - Жамбылдың анасы Ұлданның ағасы. Үйсін жұртынан шыққан шебер қобызшы. Ол қобыз тартқанда, тыңдаушыны егілтіп жібереді екен...

Жамбыл бала кезінде Алатау атырабында атағы әйгілі Сүйінбай ақыннан бата алады. Нағашысы Қанадан берген қара қобызды ұстап, кіші-гірім жиын-тойда өлең айтып жүреді. Бір күні кешқұрым жайлауда Сүйінбай үйінің тұсына барады:

Ей-й, өлеңім келді жол шегіп,
Осынау елге алыстан.
Түн болды, үйге ен дейтін
Табылмай тұр таныс жан... –

деп термелей жөнеледі. Өзінің балаң жыршы екенін, ел кезіп, жарапазан айтып жүргенін өлеңдетеді. Сөйтеді де, келесі сөзін:

Күннің көзін жасырар,
Аспанды бұлт торласа.
Елдің бағы ашылар
Әділеттік орнаса.
Жүйрік жүйткіп самғайды,
Аяқтан біреу шалмаса, -

деп, Сүйінбайдың өз термесін төкпелейді. Кеше ғана ел арасындағы дау-дамайдан шаршап оралған Сүйінбай жастықтан басын жұлып алады да:

-Мынау менің сөзім ғой, оны айтып тұрған кім екен? Ақын болсаң, үйге кір, жасқанба! – дейді.

Жамбыл табалдырықтан аттай беріп, жыр тарланына сәлем береді. Қолында қара қобызы, бұтында тері шалбары бар мұндай жалаңа яқ ақынды Сүйінбай ешбір ауылдан кездестірмеген екен. Ол жөн сұрайды.

-Қай туған боласың?

-Шапырашты Жабай баласы Жамбылмын.

-Е, е, Шапыраштыда жыршы бала бар деуші еді, сол екенсің ғой! Жоғары шық.

Ұстаз бен шәкірт ең алғаш рет осылай кездесіп, танысады да, сөз кезегін жырға береді. Жамбыл өзі аңсап келген ұстазы алдында әуелі жасқана, имене отырып, қыза келе бар өнерін төгеді. Ол бірде нағашысынан үйренген желмаясын аңыратса, енді бірде ауыл арасында өзі айтып жүрген уытты өлеңдерін термелейді. Бала шәкірттің аяқ алысына Сүйінбай да, оның зайыбы Еңлік те риза болысады.

-Отағасы-ау, мынадай жас ақынға мына сый ылайық болар, - деп, шәкірт алдына жібек шапан қояды. Жамбыл оны Сүйінбай ұстазының иығына жабады да:

-Маған сіздің батаңыз жетіп жатыр, - деп, қолын жаяды. Қарт жырау:

-Осы шабысыңнан тайма, өлең-жырды дауылдата бер! Домбыра садақ болса, өлең – сол садақтың оғы, оны шебер пайдалана біл. Ең бастысы: шыншыл, әділ бол, халықтың ойындағысын таба сөйле, дұшпаныңа батыл, досыңа асыл бол! – деді де, ұстаз сәл ойланып, іштей толғанды. Сірә, көмейіне бір жыр шумақтары келген тәрізді. Ол жанында сүйеулі тұрған домбырасын алып шертті:

О, Жамбыл, бата дедің, бердім саған,
Бақытты, өмірлі бол, жүргін аман.
Батасын ат орнына берді ғой деп,
Қоймағын былай шығып кіна маған.
Соңынан Сүйінбайдың орнын басып,
Тіліңнен балың тамсын сорғалаған.
Жапаға риза болсын айта барғын,
Осымен өкпелемей жүрсін маған.

«Әумиін» десіп, отырған үшеуі қолын жайып, бата қабыл болсын десті. Міне, содан былай қарай Жамбыл:

Менің пірім Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай...-

деп, өлең-жырды қардай боратады.

Петербург география қоғамының мүшесі Шоқан Уәлиханов Қашқария сапарынан қайтып келе жатып, Алтын-Емелдегі Тезек төренің аулына аялдады. Осы кезде Шапыраштылар даулы бір іспен Тезек төре алдына барады. Ішінде Сүйінбай, Жабай, Қанадан тағы бірқатары болады. Сол жолы Жамбыл да оларға ілесе барған. Даулары шешім тапқан соң, Сүйінбай ақын жиналған көпті, әсіресе, алыстан келген қонақ Шоқанды көңілдендірмек болды.

-Ана бір жылы, деді Сүйінбай қасында отырған Шоқанға қарап, - өзіңіз барып, аралап қайтқан қырғыз еліне бардым. Орман ханның Үмбетәлі, Шарғын деген балалары өлген әкесін еске түсіріп, жылын өткізіп жатыр екен. Ыстық көл жағасына қырғыз, қазақ мол жиналыпты. Сонда Үмбетәлі манап көңіл айта барған бізге қырын қарап, тіл тигізді. Мен шыдай алмадым, Үмбетәліге қарсы бардым да:

Қалың қазақ ел едім,
Сүйінбай деген мен едім.
«Орман өлді», - дегенге
Көңіл айта кеп едім.
Мұның қалай, хан Үмбет?!

Әкенді өлтірген біз емес, қаңғырған бір ұры еді ғой, сол ұрыны ұстап жазалаудың орнына бүкіл Бұғы елін шаптың, малын таладың:

Қан құмар ісіңмен
Кетірдің өзін құныңды.
Көргенімді айтамын,
Кесе алмайсың тілімді.
Шын жақсыда талық жоқ,
Әділ сөзде зорлық жоқ...-

дедім. Маған уәж айта алмады. Отырған көпшілік «жөн сөз», «жөн сөз» десті. Шоқан да бұл сөзден біраз жайды аңғарғандай болып, оны қоштады.

Сүйінбай домбырасын шеткерірек отырған өзінің шәкірті Жамбылға ұсынды:

-Кәне, Шапыраштының бозторғайы, сайрашы! – деді. Сонда ол алдымен «Е-е-ей!» деп даусын шарықтатып алып, жасы үлкен игі-жақсыларға өлеңмен сәлем беріп шығады. Үлкендерге ізет көрсеткеніне әкесі де риза болып қалады. Әуенін түзеп алған Жамбыл терме-толғауды бірінен соң бірін ағытады. Міз бақпай тыңдап отырған Шоқан:

-Өзі жас болғанмен, сөзі жатық та өткір екен, - депті. Сүйінбай да Шоқан сөзін қоштайды.

Бүкіл Жетісу халқы көтерілген 1916 жылғы дүрбелеңге Жамбылдың белсене қатысқан үгітшілік күрескерлігін сезген жандарал, пристав, болыстар оның да соңынан тыңшы қойып, ұстатпақ болады. Бірақ халық өзінің сүйікті жыршысын ұстап бермеген, үнемі жасырып, оны қорғаштап отырған. «Жамбыл Құлансаз жайлауында жүр», «Жамбылды Самсыдан, жайылмыстан көрдік», «Ұзынағаштағы жиында болды», «Шиендегі ұрысқа қатысыпты»... Осындай хабарлар тізбектеліп Верныйға жетіп жатады, жендеттер қамшысын үйіріп:

-Жамбыл қайсың? – деп тықсырған.

Бір ақсақал алға шығып:

-Жамбыл – менмін, - деген.

Ол әлгі ақсақалдың бетіне қарап:

-Жоқ, бұл Жамбыл емес, - деп шегінген.

-Жамбыл – мен, - деп көпшілік арасынан тағы бір шал алға ұмтылған.

Әлгі тілмаш:

-Ол да емес, - деп басын шайқаған. Айыр қалпақ киген Қаскелең жағының бір қариясы:

-Жамбыл – менмін, - деді.

Тілмаш жасауылға қарап:

-Бұл да емес. Тақсыр, бұлардың бәрі сізді алдап тұр, - деген.

Қамшысын екі бүктеген қара мұртты болыс:

-Оны мен тауып беремін, - деп, алға шыққан. Ол ауылға барса да: «Біздің арамызда Жамбыл жоқ», - деп, оларды басқа жаққа сілтеген. Аңдыған жау қойсын ба, ақыры іздеп жүріп бір топ ереуілшілерді ұстаған. Сол тұтқындардың ішінде Жамбыл да кете барған. Оларды Верный түрмесіне әкеп қамаған, сұрауға алған. Мұны естіген халық «ақынымызды босат», «Жамбыл жазықты емес» деп, абақты алдынан кетпей қойған. Губерния басшылары көпшіліктің бұл талабынан сескеніп, Жамбылды және оның қасындағыларды тұтқыннан босатқан.

Мына кітапқа жазылған эсседен ықшамдалып алынды:
Жамбыл. Ел қадірін біл, балам. Шығармалары, естеліктер / Құрастырушылар:
Н.Төреқұл, Н.Оразов: – Алматы: Жалын, 1996.